

«Отан-отбасынан басталады» дейді қазақ халқының мақалы. Отбасыда тәрбие беру-әрбір адамның жеке тұлға, азамат және Адам ретінде қалыптасуының негізі болып табылады.

Ата-аналардың әлеуметтік және қаржылық жағдайы, олардың білім деңгейі, наным-сенімдері, қоршаған ортасы сияқты факторларға қарағанда, балаға ата-ананың тәрбиелеу стилі көп ықпал етеді. Егер де ата-ана өз баласын жүрегімен де және ақыл-ойымен де қабылдайтын болса, егер де олар оның тағдырына деген жауапкершілікті сезінетін болса, олар отбасының барлық мүшелеріне игілік әкелетін тәрбиелеу стилін таңдай алады.

1. Авторитарлық тәсілмен тәрбиелейтін отбасы

Мұндай отбасында ата-ана мен бала арасында ортақ әңгімелесу болмайды, үлкендер тек қана қас-қабақпен талап етіп отырады. Балаға тек ережелерді түсіндірумен болады. Көбінесе бұйрықпен тапсырма береді және оның орындалуын күтеді. Ол дер кезінде айтқандағыдай болып орындалуы керек. Әрі қарай ештеңе талқыланбайды.

2. Либеральдық тәрбие

Мұндай ата-аналар балаларымен ашық әңгімелеседі. Сосын әңгіменің тақырыбы мен балаларының өзіндік көзқарасына тым шектеу қоя бермейді. Балалар үйде еркін жүреді. Баланың қалауына шек қойылмағандықтан, бұл отбасының балалары тек қана өзінің айтқанымен жүретін, онша-мұнша ескертпелер мен айтқан бұйрықтарға құлақ аса қоймайтын, көпшілік арасында өзін салқынқанды ұстайтын болады.

3. Индифферентті тәрбиелеу стилі

Ата-аналары баласы не істесе де бетінен қақпайды. Бұл балаға өзіндік таңдау берілді деген сөз емес, түсінікті болу үшін айтсақ, әке-шешесінің баламен шаруасы жоқ.

Көбінде жұмыстан қолдары босай бермейді, уақыттары жоқ, баладан басқа да проблемалармен басы шырмалып жүреді.

4. Гиперәлеуметтік тәрбиелеу стилі

Ата-аналар балаларын мүлтіксіз тәрбие беруге тырысады. Бәрі өз орнымен әділ, тура болу керек, өтірік сөйлемейтін өзгеге қиянат жасамайтын, үлкендердің алдынан кесіп өтпейтін, сөздеріне құлақ асатын етіп өсіреді.

5. Эгоорталық стильмен тәрбиелеу

Отбасында көптен күткен, жалғыз бала болса, ол ата-анасының өмірінің мәніне айналады және нағыз сүйікті баласы болып қалады. Оның айтқандары заң, қалауы орындалады.

6. Беделмен тәрбиелеу стилі

Балаға тәрбие беру ісінде ең тиімді және тұлға ретінде қалыптасып дамуына маңызды тәсіл. Демек, мұндай үйдің баласы көзқарасы мен пікірлерін ашық білдіре алады, ата-аналары да өз кезегінде баласына сый құрметпен қарайды. Қандай істе бірігіп, кеңесе алады. Балалары өз проблемасын шешу үшін ата-анасымен ақылдасады.